

**«Торайғыров университеті» КЕАҚ «Психология және педагогика» кафедрасының докторанты Кодекова Галия Бикеновнаның 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі» тақырыбына жазылған диссертациясына**

## **ПІКІР**

Кодекова Галия Бикеновна, педагогика және психология ғылымдарында сирек кездесетін, өте күрделі мәселе бойынша диссертацияны жазып, қорғауға ұсынды.

Диссертант аталған мәселенің көкейкестілігін жоғары оқу орындағы білім беру үрдісін ұйымдастыруда студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің әдіснамалық негізі ескерілмеуі жайлы тұғырлы ой-пікірді орнымен келтірген.

Студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің ғылыми-теориялық негізі бойынша зерттеушілердің еңбектерінен келер тұстарын жете қарастырып, қамтылмаған қайшылық туғызар тұстарын ғылыми талапқа сай құрған.

Ғылыми аппараттың тәртібі де, мазмұны да айқын.

Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытуда білім мазмұнының атқарар рөлі, ондағы материалдың деңгейлеп орналасу тәртібі, аталған қабілетті дамытуға бағытталған тапсырмалар қарастырылатын нысананың түсінікті болуын деректемемен дәлелденген.

«Студенттердің кәсіби ойлау» ұғымының мәнін ашып, барлық дерлік тұстарын айқындайтын кесте құрып, өзінің авторлық анықтамасын ұсынды.

Көрнекті педагог, психологтардың еңбектері (А.Н. Менчинская, Л.С. Выготский, Б.М. Теплов, Ж. Аймауытов және т.б.) талданып, студенттердің перцепция, апперцепция әдістерін іске қосудың амалдарын жіктеген.

Психологияда және басқа ғылымдарда толық дерлік анықталмаған ғылыми зерттеудің тақырыбын таңдап, ол студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізінің арнайылығын жіті ұғынып, бұл құбылыстың негізгі тұстарын анықтады (студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің негізгі ұғымдар мен категорияларын, аталған қабілетін дамытудың сензитивті кезеңдерін, механизмдері мен заңдылықтарын, кәсіби ойлау қабілетінің құрылымы мен оның компоненттерінің мазмұнын нақтылады).

Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамыту траекториясы құрылған, ол студенттердің үздіксіз, ұдайы, өздігінен аталған қабілетін дамыту құлшынысын оятуға бағытталған.

Бүгінгі заман мүддесі – жастардың ғаламдық интеллектуалды әлеуетінің деңгейіне лайықты болуын қамтамасыз ету. Аталып отырған мүддені жүзеге асырудың бір тізгіні – студенттердің кәсіби ойлау қабілетінің ғылыми негізін қалау арқылы жүзеге асыруын талап етуі. Бұл орайда, қорғауға ұсынып отырған Кодекова Галия Бикеновнаның диссертациясы ғаламдық деңгейге ұлттық мүддемен бағдарланғанына екпін бергеніміз орынды болмақ:

*Біріншіден*, әдіснамалық негізіне докторант зерттеушілердің еңбектерін ықтияттылықпен талдап, жалқылап, трансформациядан өткізіп, өзінің тұжырымдарын дәйектегені;

*Екіншіден*, әдіснамадағы зерттелген еңбектердің тақырыпқа қатысты – қатысты емес тұстарын айқындап, қайшылықтарды анықтағаны;

*Үшіншіден*, жұмыстың гипотезасы докторанттың зерделеу үдерісіне қатысты туындағаны;

*Төртіншіден*, міндеттер алдыңғы қарастырылған зерттеу нысаналарындағы кемшіліктерді жойып, өзіне тиісті жаңалықтар ашуы;

*Бесіншіден*, макроміндеттен микроміндеттердің жіктеліп, оның ғылыми-бағымдық мәнінің айқындалуы;

*Алтыншыдан*, аталған жеті микроміндеттердің ішінде студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылымилығы, оның амалдары, функционалдық сауаттылыққа ықпалының бернеленуі, кәсіби ойлау қабілетін үздіксіз өркендетуіне мүмкіндік туғызар моделі, оны жүзеге асырудың әдістері, «Мансап психологиясының» бағдарламасы;

*Жетіншіден*, студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізін эксперименттен өткізіп, практикалық іс-әрекеттің прагматикалық шеберлікке ұштасуының дәйегі.

Диссертациямен жұмыс жасау және диссертацияны қорғауға дайындау үдерісінде Кодекова Галия Бикеновна өзін жоғары кәсіби деңгейде күрделі ғылыми мәселелерді шешуге қауқарлы, жоғары білікті маман ретінде көрсетті.

Демек, Кодекова Галия Бикеновнаның «Студенттердің кәсіби ойлау қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі» тақырыбындағы диссертациясы ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациялық жұмыстарына қойылатын барлық талаптарына жауап береді. Сондықтан осы жұмысты 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми жетекші**  
**педагогика ғылымдарының**  
**докторы, «Торайғыров университеті» КЕАҚ**  
**«Психология және педагогика»**  
**кафедрасының профессоры**



**Е. Жуматаева**

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

